

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы
 Тобы : «Айгөлек» ересек тобы
 Балалардың жасы: 4 жас
 Жоспардың құрылу кезеңі: 31.10-04.11 қараша айы I-апта, 2022-2023 оқу жылы.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 31.10.2022	Сейсенбі 01.11.2022	Сәрсенбі 02.11.2022	Бейсенбі 03.11.2022	Жұма 04.11.2022
Балаларды қабылдау	«Табиғат бұрыншындағы кезекшілік» Мақсаты: Бөлме өсімдіктеріне күтім жасайды. (қоршаған ортамен таныстыру)	Сюжеттік ойын «Отбасы» Мақсаты: Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтады (Қазақ тілі)	"Музыка бояулары" музыкалық-дидактикалық ойыны. Мақсаты: Балаларды көңіл күйді білдіруге үйрету. (музыка, сөйлеуді дамыту)	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің суреттері арқылы олардың (қатыгез-мейірімді) екенін көрсетеді (Көркем әдебиет)	Жаңылтпаш жаттау Шеше, шеше Нешекесе Сындыкеше Мақсаты: Жаңылтпаштарды ақырын, жылдам айту. Сөйлеуді дамыту)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Жыл мезгіліне байланысты дұрыс киіну туралы кеңестер.	Ертеңгілік жаттығудың бала үшін маңыздылығы туралы әңгімелесу.	Балалардың күн тәртібін бұзбау жөнінде кеңестер беру.	«Сіздің балаңызды не қызықтырады?» тақырыбында сұхбаттасу.	Баланың дамуы және оның жетістіктері мен тәртібі туралы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат: Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні ілгішке іліп қоюды үйрету. (еңбек дағдылары) Жаңбыр жауды — тырс, тырс, Боран соқты — гу, гу, Жел тұрды — ыли, ыли, Найзағай ойнайды — тарс, тұрс. (Көркем әдебиет, қазақ тілі)	"Бөлме өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку". Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін ажыратады, оларға күтім жасайды (шаңын сүртіп, суарады). Бөлме өсімдіктерін қарап, сипаттайды. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Ертегі сыр шертеді... Мақсаты: Таныс ертегілерден сұрақтар қою арқылы сұрақтарға толық жауап береді. (Көркем әдебиет)	Артикуляциялық жаттығу: «Тәтті тосап» Күлеміз, аузымызды ашамыз. Жалпақ тілмен жоғары және астыңғы ерінді жалаймыз. (қазақ тілі)	«Кім жылдам?» Мақсаты: Оригами үлгісі бойынша бақа бейнесін жасау (Құрастыру)

Таңертеңгі жаттығу	Затпен. «Доп биі» жатттығуы. Шарты: Әуенге сәйкес доппен бірге негізгі қимылдарды жасайды.	«Жалаушалар» затпен Мақсаты: жалпы және кеудеге арналған негізгі жаттығуларды жасайды.	«Балапандар» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүруге үйренеді. Әуен ырғағына сай балапаның қимылдарды жасайды.	«Тырналар» Мақсаты: Негізгі дене дене қимыл жаттығуларын жасай отырып, бір орында тепе теңдікті сақтап тұру.	«Хош иісті гүлдер» Мақсаты: негізгі қимыл жаттығуларын жасау барысында гүлдерді иіскеп терең тыныс алу. Қимылмен гүлдердің бейнесін жасау.
Таңғы ас	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар. Сөйлеуді дамыту	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ-жауап
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.				
	«Мамандықтың бәрі жақсы...» Мақсаты: Ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен еңбек әрекетін сипаттайды. (Сөйлеуді дамыту)	"Қоян" қимылды ойыны. Мақсаты: Балаларды бірінің артынан бірін тұрғызып, қоян сияқты жүгіріп келіп, сәбіз жегендей қимылдарды үйрету. (дене шынықтыру)	«Кім епті?» Мақсаты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтайды (алға-артқа, оңға-солға) Тәрбиеші көзі байлулы балаға, белгі беріп отырады, сол белгі бойынша тапсырманы дұрыс орындауы қажет. (Математика негіздері)	"Допты қуалап ұста!" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Жерде домалап жатқан допты жүгіріп келіп алу, допты жоғарыдағы себетке лақтырып салу. (дене шынықтыру)	«Құстар біздің – досымыз» Мақсаты: құстарды сурет арқылы атап, олардың қажеттілігін атайды. (шымшық, қарлығш) (қазақ тілі)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) «Сиқырлы пішіндер» Мақсаты: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан	Музыка (маман жоспары бойынша) Үстел ойыны. «Сурет бойынша салыстыр» Мақсаты:	Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) Музыка (маман жоспары бойынша) «Топтастыр»	Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) «Жұбын тап». Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.	«Мысық пен тышқан». Тышқан қашты мысықтан, (еденде саусақтармен қашады) Жылдамдатып жүгірді. (жылдам жүгіреді) Орын тапты қуыстан, (екі қолының саусақтарын

<p>бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу Ауасыз тіршілік жоқ Жел ауаның қозғалысы. Күзгі жел, жапырақтар туралы бейнені желімдеу (Жапсыру)</p> <p>"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер). Мақсаты: Жемістер мен көкністерді сипап сезу арқылы ажырата, атайды. Сурет салуда әр түрлі түстерді қолданып, жеке – жеке сурет салады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, сурет салу)</p>	<p>Екі қатарда орналасқан заттарды салыстырып, теңдік және теңсіздің ұғымын ажыратады. Математика негіздері) «Бауырсақ» ертегісі Мақсаты: Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнайды. (көркем әдебиет)</p> <p>«Шебер қолдар» Мақсаты: Табиғи қалдық материалдардан күн бейнесін құрастырып, жапсыру. Күннің бейнесін топқа бөлу арқылы құрастыру, мүсіндеу және жабыстыру (Құрастыру, жапсыру)</p>	<p>Мақсат заттар шамасы бойынша әртүрлі болатынын ескеріп топқа бөлу. (ұзын-қысқа) (математика негіздері) "Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға әртүрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Педагог балаларға жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді жылдам тауып алу керектігін айтады. Жаңбырдың қалай пайда болғанын бейнелейтін суреттер тізбегіне қарап, балалар педагогпен бірге жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Ойын атрибуттары: жемістер мен өккөгөністерге байланысты текшелер. Ойынның барысы: ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, қызықты ойын бастайды. Атаы аталған бала текшені бірінші болып қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді рет-ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол бала жеңіске жетеді. (сөйлеуді дамыту, құрастыру)</p> <p>«Дымбілмеске көмек» Мақсаты: Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, оларды дөңгелек, шаршы пішіндегі қазақы оюларының элементтерімен безендіреді. (Мүсіндеу)</p>	<p>айқастыра жұдырықтайды) Зәресін мысық ұшырды. Қарады мысық тесіктен, (көздерімен жан-жаққа қарайды) Тышқанға: «Бері шық!» - деді. (қабағын түйеді) Еденді ұрды «Тук-тук!» деп, (айқасқан жұдырығымен еденді ұрады) Тырналады, кетпеді. (еденді тырналайды) Былай-былай тартады. (айқасқан жұдырығын екі жаққа тартады) Бұза алмады қамалды. Амалы құрып мысықтың, Үйіне қарай қайтады. Қуанып тышқан есікті, (айқасқан жұдырығына қарап үрлейді) Жәй ғана кеп үрледі. «Алақай, есік ашылды!» - деп, (қолдарын айқара ашады) Ініне қашып үлгерді. (еденде қайта жүреді) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p> <p>«Төлдерін тап» Мақсаты: Төрт түлікті және олардың төлдерін ажыратады. Олардың пайдасы туралы айтады. сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>
---	---	---	--	--

<p>Серуенге дайындық</p>	<p>«Орныңды тап» серуен кезіндегі тәртіп туралы әңгімелесу</p>	<p>«Менің ойыншығым» ойын жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу</p>	<p>«Қатесін тап» ауа-райына байланысты ретімен киіну</p>	<p>«Біз бақытты баламыз!» тақпағын жаттау</p>	<p>«Біз көмекші боламыз» балалардың киіну кезінде бір-біріне көмектесу арқылы үлкен және ұсақ маториканы дамыту.</p>
<p>Серуен</p>	<p>Топырақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сурет салу) Мақсатый Ауа райына байланысты топырақтың қасиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету. Тақпақ. Асқаржан Сәрсекөв «Күзгі көрініс». Күздің салқын самалы Аймалайды маңдайдан. Алып қашып барады Жапырақты сарғайған. Тыныстаған ырғалып Бақ-бау қандай, гүл қандай? Сары қыздар сырласып, Сыбырласып тұрғандай ... Бақылау: ауа райына байланысты топырақтың қасиеті</p>	<p>Бірінші қатқакты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқакты) бақылау, күзгі ауа райымен салыстыру. Тақпақ. X. Тағаров «Алтын күз». Дөнге толып қызыл қырман, Қырман басы қызыл думан. Мөлдіретіп жүзімдерін, Келді алтын күзім менің. Молшылық күз – береке күз, Береке күз – мереке күз. Қимылды ойын. «Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны). Жануардың рөлін</p>	<p>Шалшық судың бетіндегі үлдір қабыршағын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз) Мақсаты Мұз бастапқыда мөлдір, жұқа шыныдай нәзік болады. Температураның төмендеуі кезінде су мұзға айналуын ескеріп, жалпы қорытынды жасау. Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (Мұз.) Тәжірибе: «Шалшықты айналып өту». Қимылды ойын. «Өзіне жұп табу». (дене шынықтыру) Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Еске сақтауды, қимыл жылдамдығын жетілдіру. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p>	<p>Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз) Мақсаты. Балаларға желге, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жапырақтар, жалаулар мен бұтақтарға қарап, далада желдің барын немесе жоғын байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып тұрғанын немесе баяу есіп тұрғанын айтады. "Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығу. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту) Мақсаты Балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру;</p>	<p>Ересек балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсаты Ересек балалардың (мінез-құлықтарын, ойындарын), киіміне назар аударуды, киім түрлерін, әрқайсын өз атауларымен атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасында байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене</p>

<p>эртүрлі болатынын көруді үйрету. Топырақ жылы, күн көзіне қызиды, тобарысып жатады; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жердегі топырақ суып кетеді, оны күрекпен қазу қиын болады, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, ол үзіліп қалады.</p> <p>Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар». (дене шынықтыру) Мақсаты Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өту дағдысын бекіту; эртүрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойымен (отырды, жем іздеді, жем шоқыды) орын ауыстыруға қадағалау, белгі бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету.</p> <p>Еңбек: ұжымдық</p>	<p>таңдау және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу.</p> <p>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны"</p> <p>санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, "бояушы" сұраған кезде ғана өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға</p>	<p>Мақсаты Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап, мына сөздерді айтады: Мысығымыз момықан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолды жоғары көтеріп,</p>	<p>оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойды дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттергі жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). - Суреттерге мұқият қарайық, далада желдің барын немесе жоғын анықтап көрейік. Далада жел бар болса, оның қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа қарай соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа қарай соғып тұр. "Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір</p>	<p>шынықтыру) Мақсаты Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілетін қалыптастыру. "Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсаты Балаларға бағытты ауыстырып, шеңберден</p> <p>шеңберге екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту. Еңбек: сырғанау жолын эзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келгенінше көмек көрсетуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар. Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікке, дербестікке тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, ойын тәртібін</p>
--	---	---	--	---

	<p>тапсырмаларды орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: әртүрлі ойындарды ойнауға қызығушылықты дамыту.</p>	<p>келгенде "бояушының" қандай түсті таңдағанын анықтайды. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес шапалақтайды, "бояуды қуалап" кетеді. Егер "бояу қашып" қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. Еңбек: қыстыгүні тотыларды қоректендіру үшін бұтақтарды жинау. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Табиғат бұрышының мекендеушілеріне сүйіспеншілікті арттыру. Өз бетімен ойналатын ойындар: ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру дербестігін дамыту, белсенді болу.</p>	<p>"тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру керек. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Еңбек: ағаштардың қасына түскен бұтақтарды жинау. Берілген жұмысты жауапкершілікпен атқару. Өз бетімен ойналатын ойындар. «Зырылдауықтармен ойын». Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p>	<p>жағына, педагог қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасындар? Қайда қонып, қайда ұшасындар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді сол жаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіруге ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алаңның шетіне "қасқырлардан қауіпсіз" орынды балаларға алдын ала сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттері бағаланады. "Кім қапшықты алыс лақтырады?" қимылды ойын-</p>	<p>бұзбай ойнауға тәрбиелеу.</p>
--	---	---	---	---	----------------------------------

				<p>жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсаты Ү Балаларды белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды үйрету. Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау. Мақсаты Зымыранды қарсылас жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру.</p>	
Серуеннен оралу	Тақпақ «Жел» Жел улейді у- у-у. Құйын келіп билейді зу- зу- зу. Қатты қатты жел соқты гу- гу- гу. Жапырақтар қол соқты ду- ду- ду.	Д/ойын: «Ең таза шкаф» Мақсаты: киімдерін ретімен орналастырады.	Тақпақ «Құстар қайтып барады» Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады.	«Кілемше» Кілемшеміз жайылған Ол тектен тектұрмайды Табандарын тазалап Топта тазалық сақтайды	Балаларға тақпақ жаттату. «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғаның, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей.
Түскі ас	Дастарқан басындағы дәстүрлер: Дастархан басында адамадар жасына қарай отырады. Астан кейін дастархан басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді.	«Кезекшімін мен бүгін асханада» Ө.Ақылбеков жаттау Гигиеналық шара: «Дос бол сабын суменен, жуын күнде су мен сен, жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың»	Ырым, тыйым сөз Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды. Дәмді табақтың ортасынан алма, өз алдыңнан алып же.	Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек.	Ас туралы мақал мәтел «Ас атасы нан, нан атасы дән»
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				

	Тыныш күйге енеді, Мойындарымыз да жайымен. Еркіндеріміз сәл ашылып Дем аламыз жайымен. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы Дем алады барлығы. (әуенмен)	Кірпіктеріміз айқасты, Көздеріміз жұмылды. Дем аламыз жай ғана, Ұйқыға біз кірістік. (әуенмен)	Мойын, бас, қол, аяқтар, Ғажайып бір күйге енді. Дем алады барлығы, Тыныш бір күй кешеді. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы, Дем алады барлығы. (әуенмен)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				
	Сергіту гимнастикасын жүргізу. Салқын сумен шайыну.	Төсек үстінде жатып, аяқ қолдарына гимнастикалық жаттығу жасау. Орнынан тұрып, еденді жалаң аяқ 4-5 мин басып жүру.	Күн, ауа, су процедураларын қабылдау. Бөлмеге түскен күнге қыздырыну. Сумен шайыну. Ауаны алмастырып таза ауада дем алу.	Беті-қолын, мойынын салқын бсумен жуу. Көзге арналған жаттығулар.	Су жолдарымен жалаң аяқ жүру. Сергіту гимнастикасын жүргізу.
Бесін ас	Бесінас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)				
	«Ұқыпты тамақтану» (сурет бойынша әңгіме)	Ас туралы мақал мәтел «Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы»	Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»	Ойын жаттығу: Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты	Дастархан басында өзін өзі ұстауы (шағын әңгіме)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары, бейне леу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	«Қорек іздеген тиін» Балалар сурет бойынша әңгіме құрастырады, суретті сипаттайды, сол суреттегі тиіннің мүсінін қысу, тарту әдістерін қолданып мүсіндейді. (Мүсіндеу)	"Үлкен және кішкентай қарбыздар". Мақсаты: Балалар антоним сөздерді пайдаланып қарбыздарды ажыратады. Балаларды тұзбен салу әдісі бойынша, қарбыз суретін салады. (Сөйлеуді дамыту, сурет салу)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Күзгі орманның ғажайыптары". Мақсаты: Қоңыр, қызғылтсары реңктерді шығарып, күз мезгілін бейнелейді. Дәстүрден тыс әдіс, (Сурет салу)	"Кішкентай бағбан". Мақсаты: Балаларды «Кішкентай бағбаншы» әңгімесімен таныстыра отырып, әңгімеде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру. Сұрақтарға интонация, ым-ишарамен жауап беру. (Көркем әдебиет)	"Жемістер". Мақсаты: Балаларды жемістердің негізгі пішінін, алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беруге, бөлшектерді саусақтың және кескіштің көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуді үйрету. (мүсіндеу)
	Қимыл-қозғалыс ойыны. «Мысық пен тышқан».	(Сөйлеуді дамыту, сурет салу) «Дауысына қарай	Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет». Мақсаты: Балалар ойын барысында «қанша	"Күзгі ағаш". Мақсаты: Балаларды қағаз бетінде ағаш діңі мен ұшар басы салынған	"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Сөздік

	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Құралдар: мысық пен тышқанның маскасы. Ережесі: балаларды шеңберге тұрғызып, араларынан мысық пен тышқанды белгілеп, мысық тышқанды қуады, тышқан мысықтан қашады. Тышқан ұсталып қалса, балалар ауысып, ойын басынан бастап ойналады. (дене шынықтыру)</p>	<p>ажырат» дидактикалық ойыны. Мақсаты: Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру. - Балалар, мен сендерге әртүрлі дауыстарды саламын, ал сендер сол дауыс қай жануардың даусы екенін табасыңдар. (қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>болды?» сұрағына жауап береді. Балаларды қоршаған ортадағы өмір туралы білімдерін ойындарда кеңінен қолдануға шақыру; диалог сөйлеуді дамыту. (математика негіздері, қазақ тілі) "Жолдағы серігің". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдарының жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атау; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту. (Құрастыру)</p> <p>"Қарама-қарсы сөз" атты "жұптар айтысы" жаттығуы. Мақсаты: Балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға дағдыландыру; сөздік қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту. Құралдар: қамшы, доп немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).</p>	<p>суреттің үстіне макарон өнімдерін өздері қалаған жерге орналастырып, құрастыруды үйрету. (Құрастыру)</p>	<p>қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау. Педагог балаларға көгөністер мен жемістерді өсіру, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады. Құралдар: жемістер мен көгөністерді өсіру үшін адамның қалай еңбектенетіні туралы суреттер. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>«Үш аю, Түлкі мен тырна» ертегілері. Мақсаты: Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мінерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру. (Көркем әдебиет)</p>
--	---	---	---	--	---

			<p>- Балалар, қарама-қарсы мағынадағы сөздердің жұптарын айту үшін айтыс жариялайық.</p> <p>- Қамшының сабын екі баланың қайсын нұсқап көрсетсем, сол бала айтысты бастап, мағынасы қарама-қарсы мағынадағы сөзді айтуы керек.</p> <p>- Білмеген балаға білетін бала көмек беріп, айтысты әрі қарай жалғастырады.</p> <p>Бастаймыз!</p> <p>- Жақын - алыс.</p> <p>- Үлкен - кішкентай.</p> <p>- Ұзын - қысқа.</p> <p>- Қорқақ - батыл.</p> <p>- Зұлым - мейірімді (пантомима арқылы көмектесуге болады).</p> <p>- Баяу - жылдам.</p> <p>- Астында - үстінде.</p> <p>- Артында - алдында.</p> <p>- Биік - аласа.</p> <p>- қатты - жұмсақ</p> <p>- Ауыр - жеңіл.</p> <p>- Сол жақ - оң жақ.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>		
Балалармен жеке жұмыс	«Тәулік бөліктері». Мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атау, бір-бірінен ажырату дағдыларын	Дидактикалық ойын (коммуникация). «Тіл туралы ертегі» - артикуляциялық гимнастика Мақсаты: Артикуляциялық аппаратты дамыту.	Дидактикалық ойын (таным). «Қуыршақтарға моншақтар алыңдар». Мақсаты: Үлгі бойынша түс таңдау. Материал: негізгі түстердегі	Дидактикалық ойын. "Сикырлы "- н"әрпі" Мақсаты Балалардың "ң" дыбысын дұрыс айтуын қадағалау. Балалар "ң" әрпі бар сөздерді айту қажет. Мысалы: аң, таң, мұң,	Дидактикалық ойын «Фотоаппарат». Мақсаты: Ассоциативті ойлауды, ерікті зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: лото

	<p>жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер. Ойынның мазмұны: балалар суретті кезек-кезек алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. (математика негіздері)</p>	(сөйлеуді дамыту)	<p>куыршақтардың фигуралары, әртүрлі мөлшердегі негізгі түстердің шеңберлері. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>шаң, маң, маңай, маңдай, таңдай, сең, жең, мең, көң және тағы басқа. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>карталары немесе кез келген басқа суреттер. Сипаттамасы: 5 секунд ішінде балаға карточканы көрсету. Содан кейін оны алып тастаңыз және онда не бейнеленгенін еске түсіруді ұсыныңыз. Егер балаға жауап беру қиын болса, оған сұрақ қойыңыз: қанша, қандай түс және тағы басқа. Тапқан суретін, атап, шаблон арқылы сол суретті салу (құрастыру, сурет салу)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</p>				
	<p>Қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің неше айы бар?</p>	<p>«Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу)</p>	<p>«Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме)</p>	<p>«Сондай бала болама?» (өлең оқып беру)</p>	<p>«Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме)</p>
Серуен	Ойын алаңдарын тазалау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
	<p>Топырақты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсаты: Ауа райына байланысты топырақтың касиетінің әртүрлі болатынын көруді үйрету. Тақпақ. Ескен Елубаев</p>	<p>Бірінші қатқақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсаты: Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқақты) бақылау, күзгі ауа райымен салыстыру.</p>	<p>Қимылды ойын: «Өзіне жұп табу». (дене шынықтыру) Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Зейінді, қимыл жылдамдығын жетілдіру. атқару. Өз бетімен ойындар: «Зырылдауықтармен ойын». Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ</p>	<p>Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға желдің соғып тұрғанын жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру.</p>	<p>Ересек балаларды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Ересек балалардың (мінез-құлықтарын, ойыны), киімін бақылауға; киім түрлерін, олардың атауларын атауға (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және</p>

	<p>«Күзде». Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшқан әуелеп? Қайтқан күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп?</p> <p>Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз!</p> <p>Бақылау: ауа райына байланысты топырақтың касиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету. Топырақ жылы, күн көзіне қызиды, тобарысып жатады; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жердегі топырақ суып кетеді, оны күрекпен қазу қиын болады, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, ол үзіліп қалады.</p> <p>Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар». (дене</p>	<p>Тақпақ. Х. Тағаров «Алтын күз». Дәнге толып қызыл қырман, Қырман басы қызыл думан. Мөлдіретіп жүзімдерін, Келді алтын күзім менің. Молшылық күз – береке күз, Береке күз – мереке күз.</p> <p>Қимылды ойын. «Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны). Жануардың рөлін таңдауға және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу.</p> <p>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншыға жеткізбеуге тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа</p>	<p>моторикасын дамыту.</p>	<p>Педагог балаларға жапырақтар, жалаулар мен бұтақтарға қарап, желдің бар не жоғын байқауға шақырады. Балалар желдің қатты соғып немесе баяу есіп тұрғанын айтады.</p> <p>"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту.</p> <p>Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). - Суреттерге мұқият қарап, далада желдің барын не жоғын анықтау. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр. "Аққу-қаздар" ойыны.</p>	<p>тағы басқа); киім мен ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балаларды мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. Қимылды ойын: «Ақ аюлар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру. "Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бағытты шеңберге ауыстырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту. Еңбек: сырғанау жолын әзірлеу.</p>
--	---	---	----------------------------	--	---

	<p>шынықтыру) Мақсаты: Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өту дағдысын бекіту; әртүрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойымен (отырды, жем іздеді, жем шоқыды) орын ауыстыруға қадағалау, белгі бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету. Еңбек: ұжымдық тапсырмаларды орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: әртүрлі ойындарды ойнауға қызығушылықты дамыту.</p>	<p>тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде ғана өзі ойлап қойған түсті естіп, бәрі ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде "бояушының" қандай түсті таңдағанын анықтайды. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сай шапалақтайды да, "бояуды қуалап" кетеді. Егер "бояу" қашып қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталп қалса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.</p>		<p>(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог қарсы бетіне тұрады. Алаңның ортасындағы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасындар? Қайда қонып, ұшасындар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін ойыншы балалар қарама-қарсы жаққа жүгіруге ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - балаға бір қолын тигізуді білдіреді. Педагог алаңның шетінен балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды алдын ала сызып</p>	<p>Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: ересек балалармен бірлесіп ойнау. Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікке, дербестікке тәрбиелеу. Балаларды бастамашылдыққа ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.</p>
--	--	---	--	--	---

		<p>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.</p> <p>Еңбек: қыстыгүні тотыларды қоректендіру үшін бұтақтарды жинау. Табиғат бұрышының мекендеушілеріне сүйіспеншілігін дамыту.</p> <p>Өз бетімен ойындар: ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру үшін дербестігін дамыту, белсенді болуға тәрбиелеу.</p>		<p>қояды.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталғанда "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саны саналады.</p> <p>Ойыншылардың қабілеттері бағаланады.</p> <p>"Кім қапшықты алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.</p> <p>Еркін ойындар: далаға шығарылған материалмен алаңда ойын ойнау, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Зымыранды қарсылас жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру.</p>	
Серуеннен оралу	<p>Тақпақ «Жел» Жел улейді у- у-у. Құйын келіп билейді зу- зу- зу. Қатты қатты жел соқты гу- гу- гу. Жапырақтар қол соқты ду- ду- ду.</p>	<p>. Д/ойын: «Ең таза шкаф»</p> <p>Мақсаты: киімдерін ретімен орналастырады</p>	<p>Тақпақ «Жел» Жел улейді у- у-у. Құйын келіп билейді зу- зу- зу. Қатты қатты жел соқты гу- гу- гу. Жапырақтар қол соқты ду- ду- ду.</p>	<p>«Кілемше»</p> <p>Кілемшеміз жайылған Ол тектен тектұрмайды Табандарын тазалап Топта тазалық сақтайды.</p>	<p>Балаларға тақпақ жаттату.</p> <p>«Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей</p>
Кешкі ас	<p>Ас туралы мақал – мәтел</p> <p>« Ас иесімен тәтті</p>	<p>«Кезекшімін мен бүгін асханада»</p> <p>Ө. Ақылбеков</p>	<p>Ырым ,тыйым сөздер</p> <p>Нанды бір қолмен үзуге болмайды. Тамақ үстінен</p>	<p>Ас ісшу тәртібі :</p> <p>Ауызында тамақ тұрғанда сөйлемейді.</p>	<p>Дастархан басындағы дәстүрлер: Қуыс үйден құр шықпа.</p>

	тағамымен жақсы»	жаттау.	атттамайды.		
Балалардың дербес әрекеті	Дидактикалық ойыны. "Соқыр теке". Мақсаты: Балаларға ән айта жүріп, епті, әрі жылдам болуды үйрету. (музыка, сөйлеуді дамыту)	Қ/ойын: «күн мен түн »	Ұлттық ойын: «Асық ату» .	Қ/ойын: «Аңжар биі» Қай аңның музыкасы ойнаса сол аңның қимылын салу (Музыка)	Қ/ойын: «Тығылыспақ»
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Отбасы - тәрбиенің бастауы» атты тақырыпта әңгімелесу.	Жоба: «Жомарт күз» тақырыбындағы көрмені қорытындылау. Көрме нәтижелерін ата-аналармен талқылау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

Тобы : «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 07-11 қараша айы, II – апта, 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.11.2022	Сейсенбі 08.11.2022	Сәрсенбі 09.11.2022	Бейсенбі 10.11.2022	Жұма 11.11.2022
Балаларды қабылдау	Д/ойын: «Ту құрастыр» Мақсаты: Тудың түсін, немен бейнеленгенің айтады. Көк және сары түсті тастардан тудың бейнесін құрастырады. Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажыратып, атайды. Олардың көлемі мен пішіні бойынша таңдап өз бетінше құрастырады. (құрастыру)	Д/ойын: «Не қалай дыбыстайды?» Мақсаты: жануарлардың дыбыстарын аудиодан тыңдай отырып дыбыстану ережелерін дамыту, (Сөйлеуді дамыту)	Үстел үсті ойыны: «Үлкен , кіші» Мақсаты: әр түрлі геометриялық заттарды және басқада денелерді үлкен, кіші деп ажырату. Ойлау қабілетін, ұсақ моторикасын дамыту. (Математика негіздері)	Аз қимылды ойын: «Кәрзеңкеге күзгі жапырақтарды жинастыр» Мақсаты: Жапырақтарды түстері бойынша жинайды. Шапшандыққа, ептілікке баулу. (дене шынықтыру)	Д/ ойын: «Бауын тапта, байла» Мақсаты: Әр түрлі бауларды киімдерге қарап ажыратып бауларды байлауға даярлау. Ұсақ моторикасын дамыту, ұлттық киімдерге қызығушылықтарын арттыру. (математика негіздері)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың дамуы және оның жетістіктері мен тәртібі туралы әңгімелесу.	«Өз ана тілінде сөйлеу бала үшін маңызды» Кеңес беру.	«Балаңызға қаншалықты көңіл бөлесіз» Әңгімелесу.	«Сіздің балаңызға ұялы телефонның зияны» тақырыбында сұхбаттасу.	«Демалыс күндерді қалай өткіземін» кеңестер.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел - үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсаты: Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды	"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Мақсаты: Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсаты . Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауды үйрету,	"Күтушіге төсек салуға көмектесу". Мақсаты Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; үлкендерге қолдарынан келген көмектерін жасауға тәрбиелеу; жұмысқа	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсаты . Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс

қарау және тағы басқа әрекеттер)	таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, адал еңбектенуге және тәртіп сақтауға тәрбиелеу.	тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю. (қоршаған ортамен танысу) Жеңіл көлік Мақсаты: Конструкторлардан жеңіл көлік түрлерін өздерінің қалаулары бойынша құрастырады. (Құрастыру)	ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.	жоспарын құру, алдағы жұмыс үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.
Танертеңгі жаттығу	«Біз мықтымыз» Мақсаты: Жалпы дамытушы жаттығулар. Сапта бір-бірлеп жүруге, бір қалыпты аяқтың ұшымен жүгіруге үйрету.	«Кім мерген?» Мақсаты: Кеглилер мен жалпы және кеудеге арналған жаттығуларды жасайды. 1,5-2 метр қашықтықта кеглилерді қағып түсіру.	«Шынығамыз бәріміз!» Мақсаты: Әуенмен жалпы дамытушы жаттығуларды жасайды. Негізгі қимылдарды орындайды.	«Көңілді доптар» Мақсаты: Негізгі қимыл жаттығуларын доппен жасау. Бастапқы қалыпта тұрып допты бір-біріне беру. Доптарды бір-біріне домалату.	«Көбелек боламыз» Мақсаты: Бой түзеулігін дұрыс сақтау, сапта бір-бірлеп түрлі бағытта жүгіруге, бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету,.
Таңғы ас	Салауатты тамақтану-салауатты өмір салты.	Ботқаның пайдасы туралы әңгімелеу.	«Пайдалы дәмді таңғы ас – ағзаға өте жақсы сіңеді күні бойы тоқ жүресін»	Дәнді дақылдардың түрінен көптеген ботқалар жасалатындығы туралы	Көкөністер мен жемістердің пайдасы туралы сұхбаттасу.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көлік түрлерімен таныстыру. Мақсаты: Көлік түрлерін сурет арқылы ажыратып, атайды. Олардың қандай жолда жүретіндерін атайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Жерде жүретін көлік туралы әңгімелесу.(Сурет арқылы) (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Суда жүзетін көлік түрлері туралы әңгімелесу. Артикуляциялық жаттығу «Тіс жазарту» (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)	Әуеде ұшатын көлік түрлері тақырыбында әңгімелесу. Артикуляциялық жаттығу: «саңырауқұлақ» Жаттығудың дұрыс ындалу тәсілі: ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып, ауызды кең ашып ұстау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған орта)	"Көлік түрлері" тақырыбын пысықтау. Сурет арқылы (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)</p> <p>Үстел үсті ойындары. "Көліктерді топтастыр". Мақсаты: Көліктерді бір-бірінен ажыратып, атауларын атайды. Жүретін жолдарына қарай жапмырады. (қоршаған ортамен анысу, жапсыру)</p> <p>«Алтын күз» Мақсаты: сары түсті пайдаланып күздің ерекшелігін бейнелеу. Жайпақ ыдысқа сары түсті бояуды дайындап аламыз; -Бояуы бар сары түсті ыдысқа алақанды толықтай малып, алақанды альбом бетіне әртүрлі бағытта саламыз. (Сурет салу)</p>	<p>Музыка (маман жоспары бойынша)</p> <p>Дидактикалық ойын. «Домино». Мақсаты: Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту және пысықтау. Сәйкес көлікті табу және дұрыс атау, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: суреттері сәйкес келетін карточкаларды бір қатарға тізіп қою, кім карточкаларын бәрінен бұрын жиып қояса, сол бала жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6см карточкалар. (математика негіздері)</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) Дидактикалық ойын. "Көңілді қыстырғыштар". Мақсаты: Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Балалардың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. Дайын пішіндерден жануарлардың пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру(кірпі) (сөйлеуді дамыту, жапсыру)</p> <p>Күзгі ағаш Мақсаты: Қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін анықтайды. Күзгі ағаштың түрін анықтап, қоңыр түспен, триз технологиясын пайдаланып (түтікше арқылы үру) әдісі бойынша күзгі ағашың суреттерін салады. Дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, қауіпсіздікті сақтайды. (Сурет салу)</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Көліктер». Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. (сөйлеуді дамыту) Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)</p>	<p>Үстел үсті ойыны. «Мозаика». Мақсаты Балаларға берілген суреттердің бөлігін табу және орналастыруды үйрету. Тапқырлыққа тәрбиелеу. (құрастыру)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>«Орныңды тап» серуен кезіндегі</p>	<p>Менің ойыншығым» ойын жабдықтарды</p>	<p>«Біз бақытты баламыз!» тақпағын жаттау</p>	<p>«Қатесін тап» ауа-райына байланысты</p>	<p>«Біз көмекші боламыз» балалардың киіну</p>

	тәртіп туралы әңгімелесу	дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу	Музыка (маман жоспары бойынша)	ретімен киіну. (шалбар, кеудеше, жемпір) ауа-райына сәйкес киінуді көрсету (қоршаған ортамен танысу)	кезінде бір-біріне көмектесу арқылы үлкен және ұсақ маториканы дамыту.
Серуен	<p>Көліктерді бақылау. Мақсаты: Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атап айтуға ынталандыру; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) "Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Мақсаты: Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Автобустарды бақылау. Мақсаты: Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус) (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру) Мақсаты Сигнал бойынша (жүргізуші</p>	<p>Жеңіл көлікті бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты: Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөлшектері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк мәшинесі мен жеңіл машиненің айырмашылықтарын атап көрсету. Жұмбақтар. Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус) Табаныңда жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай) Қимылды ойын. «Такси». (дене шынықтыру) Мақсаты . Екі аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият</p>	<p>Жүк автокөлігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк мәшинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуға үйрету. (сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине) Жұмбақ. Резеңке аяқты жануармын, Барлық жолдарды кезіп өтемін, Құрылыста іске жараймын, Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине) Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты Балаларды шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге</p>	<p>Ересек балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру) Ұжымдық</p>

	<p>Кұралдары: жүк машинесі, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина және тағы басқа.</p> <p>Балаларға суреттер көрсетіледі:</p> <p>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен білдірейік. Жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз.</p> <p>Ойынды, екі топқа бөлініп ойнауға болады.</p> <p>Еңбек әрекеті: алаңды тастардан тазалау.</p> <p>(құрастыру, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсаты: Тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге</p>	<p>ойыншыға қолмын тигізеді) ойын ережелерін сақтап (шеңберді айналып жүгіреді) босаған орынға жылдам отыруды үйрету.</p> <p>"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылып, алдыға секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар сызықтарды баспай, алдыға қарай секіруді үйренеді.</p> <p>Еңбек: күркедегі жолды қардан тазалау.</p> <p>Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар.</p> <p>«Қардан құрылыстар жасау». Қарды жиып, күрекпен нығыздап, одан қажетті пішінді жасауды үйрету. Бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.</p>	<p>тындауды үйрету, күштілікке, шапшандыққа баулу.</p> <p>Екі бала бір-біріне арқаларын сүйеп, қол ұстасып отыру керек.</p> <p>Жүргізуші:</p> <p>- Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасқан күйде жылдам тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.</p> <p>Еңбек: берілген жеке тапсырманы мұқият орындауға үйрету. Еңбекке дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен ойналатын ойындар. «Секіргішпен ойна».</p> <p>Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен бірлесіп ойнауға ыңғайлы жағдай жасау.</p>	<p>(белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету.</p> <p>"Кім жылдам?" қимы "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсаты Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшандыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін ойнайтын болады.</p> <p>Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тарандар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.</p> <p>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады.</p> <p>Ойын қайта басталады.</p> <p>"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) лды ойын-жаттығуы.</p>	<p>тапсырмаларды орындауды үйрету, өзара достық қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Еңбек: сырғанау жолын әзірлеу.</p> <p>Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келген көмектерін беруге тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.</p>
--	--	---	---	--	---

<p>әнетағы басқа әркеттер)</p>	<p>бір жағына қоянның денесін трафарет арқылы құрастырып, екінші жағына, өз қалаулары бойынша алманы не сәбзіді, басқа да жеуге жарамды қоректі салуды дағдыландыру. (Сурет салу)</p> <p>Сюжеттік ойыншықтармен ойындар: Ертегіні оқу; үстел театры және тағы басқа. Мысалы: үстел театры «Үйшік» орыс халқының ертегісін сахналау. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қимылды ойын. "Аңшылар мен қояндар". Мақсаты Балалардың қоян болып секіріп, "аңшыдан" қорғана білуін үйрету. Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда екі аяқты қосып алдыға секіріп жүреді. Тәрбиеші:</p>	<p>негізгі айырмашылығын түсіндіру; ортақ қасиеті бар заттардың жалпылауыш сөзбен аталатыны туралы түсініктерін бекіту.</p> <p>Үстел үсті ойындары «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; мәнерлеп сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк". Мақсаты Балалардың циркте жұмыс жасайтын өнерпаздар (сайқымазақ, гимнастшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру; цирк әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, саламатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс істейтін әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар,</p>	<p>жапсыруды үйрету. (құрастыру, жапсыру)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы". Мақсаты Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (кұстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер. Барысы. Педагог ойын алдында</p>	<p>үйрету. (Математика негіздер)</p> <p>"Мыршай". Мақсат-міндеттері. Балаларға түлкі туралы түсінік бере отырып, түлкінің сыртқы түрі мен тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. (Қоршаған ортамен танысу)</p> <p>"Қай жануардың құйрығы екенін таба аласың ба?" дидактикалық ойыны. Мақсаты Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту, түстерді, көлемді дұрыс ажыратуға үйрету. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p> <p>Сюжеттік-рөлді ойын. "Табиғи қорық". Мақсаты Балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратынын анықтау;</p>	<p>"Батпан құйрық қай жануардың құйрығы?" Мақсат-міндеттері. Жануарлардың дене мүшелерін тауып, дұрыс атауды үйрету. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) (көркем әдебиет)</p> <p>"Аю бауырсақпен кездесті". Мақсаты Балаларды ертегілерден қарапайым сюжетті бейнелеуге ынталандыру; алақан арасына салып домалақтау тәсілін үйрету. (Мүсіндеу)</p> <p>Дидактикалық ойын. "Ненің басы, ненің құйрығы?". Мақсаты Суреттен төрт түлікті тауып, атай білу іскерліктерін жетілдіру. Төрт түліктің суретін тұзбен салу әдісі бойынша суретін салу. (сурет салу)</p> <p>"Зәулім сарай". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында текше, білеу, кірпіш, призма, арка, цилиндр бар құрылыс материалдар жинағынан зәулім сарайды құрастыруды үйрету; балалардың</p>
--------------------------------	---	---	---	--	---

	<p>«Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталаанады. (дене шынықтыру)</p>	<p>спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер). Барысы. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны, онда жұмыс істейтін әртістер жайлы әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын, олардың жұмыстары қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс істейтін әртістерге: сайқымазақтар, гимнасшылар, сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға болып бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды. Педагог цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында әртістер көрермендерге бас иітіндерін, ал көрермендер қол шапалақтап, мақтайтынын айтып қою</p>	<p>балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттерді қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс істейтін қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог</p>	<p>еңбексүйгіштікке, аңдарға қамқорлық таныту сезімдерін тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі. Барысы. Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастырады, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру. Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін қызметкерлердің қандай</p>	<p>құрылыс материалдарымен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; викторина ойыны арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. (кұрастуру) Дидактикалық ойын. «Берілген дыбысқа келетін сөзді ата». Шарты: ойынды педагог бастап, балаларға бір сөзді айтады, сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, ойынды жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс. Ойын осылай жалғасын табады. Мысалы: шырша - алма - апорт - трактор - (сөйлеуді дамыту)</p>
--	---	---	---	---	---

		<p>қажет. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды.</p> <p>Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>қызмет атқаратынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	
Балалармен жеке жұмыс	<p>Дидактикалық ойын. «Биік-аласа». Мақсаты: Заттарды биіктігі бойынша екі затты салыстырып, сын есімдермен айтады. (Математика негіздері)</p>	<p>«Суреттерді орналастыр». Мақсаты Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Элементтерді ересектердің көмегімен желімдеп, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді. (Жапсыру)</p>	<p>«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта». Мақсаты ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны: балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын немесе қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған</p>	<p>«Баланың көзімен..» Мақсаты Конструкторлармен өзіне ұнаған бейнені жасау және сол жасаған бейнесі туралы айту. (Құрастыру)</p>	<p>«Оң және сол». Мақсаты Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. (математика негіздері)</p>

			«көзінді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді. (математика негіздері)		
Серуенгедайындық	Көктемгі серуенге арналған киім үлгісін талқылау	«Карталарда» белгіленген орындарды іздеуге дайындық	Проблемалық жағдай: - Серуен кезінде қуыршақтарды қайда қою керек?	Еріген қарға арық салуға дайындық (күрек, шелек, т.б)	«күз туралы білгендерін айту» сөйлеу жаттығуы
Серуен	<p>Алғашқы түскен қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсаты Бақылап қорытынды жасау; күшті аяздардың болмағанынан алғашқы қар ақ болады, ол тез ериді. Қысқы табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге. Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар.)</p> <p>Қимылды ойыны. «Сұр қоян жуынды». (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсаты Мәтінмен сәйкес қозғалысты орындай білуді бекіту. Алаңда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыру дағдыларын дамыту.</p>	<p>Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсаты Кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру.</p> <p>Экологиялық міндет: өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа сүйіспеншілікті дамыту.</p> <p>Көркемсөз</p> <p>М. Әлімбаев «Жаңбыр». Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл-жасылды Кемпірқосақ асылды. Құлпырғаны қызық-ақ Жеті түрлі бояумен. Бір кесегің үзіп ап, Үйіме әкеп қояр ма ем.</p> <p>Табиғат құбылыстарын болжау.</p> <p>Ыстық жел соқса,</p>	<p>Сұрақтар:</p> <p>- Бүгін ауа-райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сіз аспанда не көресіз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғалмады ма немесе қозғалады ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінде ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың сөздерін және бейнелі сөздерін мадақтаңыз.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін, Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп, Нөсерлетсең нөсерлет.</p> <p>Жұмбақ</p> <p>Көз жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып.</p>	<p>Көркем сөз (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Күзгі көк бұлт мен болам, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Қаласам қазір сендерге, Жаңбыр болып жауамын.</p> <p>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсаты Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу.</p> <p>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы ақырын түртіп қалады. Осыдан бері педагог</p>	<p>Бұлттарды бақылау. (бұршақ қалай пайда болады) (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсаты Балаларды аспаннан бұршақ жаууы құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - табиғи апат, ол егіндер</p>

	<p>"Табиғат құбылыстарын ажырату, олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсаты Қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Ойын барысы. Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсету, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.</p> <p>Еңбек: «Бөлме өсімдіктерін күту». Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің басқаруымен балалар оранжереяларда, қысқы бақтарда пайдалы еңбекпен айналыса алады. Бөлме өсімдіктерін күтуге тәрбиелеу: қажетіне қарай суару, гүлсауыттағы шартты белгіге қарау, жапырақтарды дұрыс</p>	<p>аспаннан жаңбыр жауады. Торғайлар топтасып ұшса, күн ашық болады. Тәжірибе: топырақ салынған бір-екі ыдыс дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді. Қорытынды: топырақты қопсыту керек.</p> <p>Экологиялық ойын. "Өсіру".</p> <p>Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу.</p> <p>"Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірін итермей жүгіруді жетілдіру; қауіпсіздікті сақтауды түсіндіру.</p> <p>Еңбек: гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау).</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру. (дене шынықтау)</p> <p>"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсаты Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Ойын шарты. Балалар екі</p>	<p>Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт)</p> <p>"Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсаты балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа</p>	<p>таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.</p> <p>Еңбек: алаңды тазарту. Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу.</p> <p>Қозғалыстарды дамыту жыттығулары: жүгірумен ұзындыққа секіру (кемінде 1м). Мақсат-міндеттері. Ұшу ауқымын дамыту. Далаға шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.</p>	<p>мен өсімдіктерді құртады.</p> <p>Экологиялық міндет: судың әртүрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.</p> <p>Көркемсөз</p> <p>Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең нөсерлет.</p> <p>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсаты Балаларды ойын шартына сай ойынды әділ ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап жүріп сөздерді айтады:</p>
--	---	---	--	---	--

	<p>сұрту. Өз бетімен ойындар: шашақтармен ойын. Мақсат-міндеттері. Таза ауада ойын ойнау. Өзіне қызық ойындарға қатысуға ынталандыру.</p>	<p>топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Балалар туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау.</p>	<p>бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды. Еңбек: балалармен бірге гүлдарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Еркін ойын: "Күн мен жаңбыр". (танымдық дағдылар) Мақсаты: балалардың шығармашылығын, кеңістіктегі бағдарын, жылдамдығын, зейінін дамыту. Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. т.б. Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" дегенде, балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету</p>		<p>Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болуы керек, қолды біресе жоғары көтеріп, біресе төмен түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру өте маңызды. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады. Тышқан: - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Секектеймін ыршып та, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа,</p>
--	---	---	---	--	--

			<p>туралы келісуге болады (мысалы, бөренелер, орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде, балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (мысалы, тек қана секіру, тек артпен жүгіру, т.б.) Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.</p>		<p>Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық! Мысық: - Мияу! Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. Еңбек: гүлзарларды суару. Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуге; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. Мақсаты . Балаларды бір бағытта жылжып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан жылдам секіруге шақыру. Далаға шығарылатын материалмен ойын ойнау.</p>
Серуеннен оралу	Балалар хорының орындауындағы «Ана» әндерінің жазбасын тыңдау	«Мен кім екенімді тап» ойыны – жануарлардың қимылдарына еліктеу	«Күзде қуыршақтармен серуендеу» сюжеттік ойыны	«Алтын күз » өлеңі жаттау	Балалардың өздігінен сурет салуы - «әже» өлеңін оқу

Кешкі ас	<p>"Мөлдір су". Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма) Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!</p>	<p>Дастархан басындағы әдеп Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау.</p>	<p>«Ұқыпты тамақтану» Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.</p>	<p>Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау. Мен айтайын тақпақ, Алғын оны жаттап. Тісіңді жу, тазарт. Маржандай болсын аппақ.</p>	<p>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру.</p>
<p>Балалардыңдер бесәрекеті (баяуқимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>«Жолдағы пірпі» Мақсаты: Балалар пірпі туралы біледі. Ермексазбен шырпы қылқандарын пайдаланып, кірпі пішінін жасауды меңгерту. Ермексазды алақан арасына салып домалатып, басу әдісін үйрену. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру. Жануарларды қорғау (Мүсіндеу)</p>	<p>"Хайуанаттар бағы". Мақсаты Балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай қызмет атқаратынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.</p>	<p>«Жалғастыр» ойыны Мақсаты: жаңылтпашты жаңылмай айтады. Шарты: педагог бастайды, балалар жалғастырады. (көркем әдебиет) Ұ\о: «Күш сынаспақ» Шарты: үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. (дене шынықтыру)</p>	<p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Аспаптармен таныстыру. Күйлерді тыңдату. (музыка)</p>	<p>Аз қимылды ойын. «Кімнің дауысы?» Шарты: бір бала көзін жұмып тұрады, кез келген бала артынана келіп әр түрлі дауыс шығарады. Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Мақсаты.. өлең жолдарын жатқа айтып, ережені сақтайды. . (Қазақ тілі, дене белсендігі)</p>

Барысы.
Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттерді қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді.
Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет.
Балалар хайуанаттар бағында жұмыс істейтін қызметкерлерді өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді.
Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді.
Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті

		сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)			
Балалардың үйге қайтуы	«Қауіпсіздік ережесін біліп жүрейік».	Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен жұмыс. Мақсаты: балабақшада және үйде балаларды сауықтыру және шынықтыру әдістеріне дұрыс көзқарасты қалыптастыру.	"Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысын қалай түрлендіруге болады?" тақырыбында әңгімелесу.	"Бала тәрбиесінде ата мен әженің алатын орны".

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы

Тобы : «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 21-25 қараша айы, IV – апта, 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.11.2022	Сейсенбі 22.11.2022	Сәрсенбі 23.11.2022	Бейсенбі 24.11.2022	Жұма 25.11.2022
Балаларды қабылдау	Д/ойын: «Саңырауқұлақ» Мақсаты: ақ, сұры үрме бұршақтардан саңырауқұлақтың суретінің үстіне қойып шығу. (құрастыру- жапсыру)	Д/ойын: « Ауызша сөзжұмбақ » Мақсаты: (сөйлеуді дамыту) балалардың сөздік қорын молайту, сұрақтарға жауап беруге,сөздерді анық айтуға үйретеді. (Сөйлеуді дамыту)	Үстел үсті ойыны: «Ұзын және қысқа» Мақсаты: заттардың өлшемдерін ұзындығын салыстыруға бір бірінен ажыратуға үйрету. (математика негіздері)	Аз қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты:Балаларды әуенмен жүруге,дәлдеп орамалды екі жаққа қоюға, ептілікке тәрбиелеу. (дене шынықтыру)	Д/ ойын: «Жоғарыда- төменде»Мақсаты: жоғары,төмен ұғымдарын пысықтау.Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту. (математика негіздері)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Жыл мезгіліне байланысты дұрыс киіну туралы кеңестер.	Ертеңгілік астың бала үшін маңыздылығы туралы әңгімелесу.	Балалардың күн тәртібін бұзбау жөнінде ескертулер айту.	« Балаңыз қандай ойынды көп ойнайды? » тақырыбында сұхбаттасу.	Баланың дамуы және оның жетістіктері мен тәртібі туралы ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел - үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Әдемі кілемшелер» Мақсаты: Ермексаздан алақанға салып созу әдісі бойынша қалың немесе жұқа қылып кілемше жасау. Сол кілемшені геометриялық пішіндермен әдемілеу. (математика негіздері, мүсіндеу)	«Таныс пішіндер доминосы» Мақсаты : геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. (математика негіздері)	«Өз үйінді тап» Ойынның міндеті: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Өз үйлерін түрлі пішіндерденқұрастыру . (Сөйлеуді дамыту, құрастыру)	«Зейінді бол» Міндеті: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шенберді көрсете білу. (математика негіздері)	«Мынау қай пішін?» Міндеті: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.

<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p>«Біз мықтымыз» Мақсаты: Жалпы дамытушы жаттығулар. Сапта бір-бірлеп жүруге, бір қалыпты аяқтың ұшымен жүгіруге үйрету.</p>	<p>«Кім мерген?» Мақсаты:Кеглилер мен жалпы және кеудеге арналған жаттығуларды жасайды. 1,5-2 метр қашықтықта кеглилерді қағып түсіру.</p>	<p>«Шынығамыз бәріміз!» Мақсаты:Әуенмен жалпы дамытушы жаттығуларды жасайды. Негізгі қимылдарды орындайды.</p>	<p>«Көңілді доптар» Мақсаты: Негізгі қимыл жаттығуларын доппен жасау. Бастапқы қалыпта тұрып допты бір-біріне беру. Доптарды бір-біріне домалату.</p>	<p>«Көбелек боламыз» Мақсаты: Бой түзеулігін дұрыс сақтау, сапта бір-бірлеп түрлі бағытта жүгіруге, бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету.</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>«Ас атасы - нан» (тақпақ) Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы. Тістесем нанның қадірін тарыққанда білерсін</p>	<p>Бата беру Асын асын асына Береке берсін басына Денсаулығын зор болсын, Дастарханың мол болсын</p>	<p>«Жұмбақ » (ойын) Ертемен күнде сен Қолыңды сүйкесен Кетіп кір ласын Тап таза боласын Сабын.</p>	<p>Тазалық туралы тақпақ Шынықтырып денені Тісін жуып тазалап Балабақшаға келеді Міне нағыз азамат</p>	<p>«Жұмбақ » (ойын) Шомылған баланы Аймалап алады Сыйпайды қолында Сыйпайды денеңді Сүлгі</p>
<p>Ұымдастырылған іс әрекетке дайындық</p>	<p>Ертегілер әлеміне саяхат жасайды. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Ертегі түрлерін естеріне түсіріп, ертегілер жайлы әңгімелеседі. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Ертегілерді сахналайды. «Мақта қыз бен мысық (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. (Математика негіздері)</p>	<p>Ертегі туралы дидактикалық ойындар ойнайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) "Суретті жина". Дидактикалық тапсырма.</p>	<p>Музыка (маман жоспары бойынша) Дидактикалық ойын. «Не артық?»</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша) Музыка</p>	<p>Дене шынықтыру (маман жоспары бойынша)</p>	<p>Еркін ойындар. Мақсаты Ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдауды үйрету, ойын ортасын ұйымдастыру</p>

	<p>"Дана және оның достары!"» Ойын ережелері: конвертті таңдап алып, сурет қиындыларын жинайды. Суретті жылдамдыққа жинайды. Ойын әрекеті: бөлшектерді іздеу, болжау. (қазақ тілі, құрастыру)</p>	<p>Әр баланың алдына жемістер мен көгеністер араласқан суреттер беріледі. Арасынан артығын тауып, оларды атау ұсынылады. Балалар жемістер мен көгеністерді ажыратады. Мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда орамжапырақ артық. Орамжапырақ көгеністерге жатады, қалғаны жемістерге жатады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>(маман жоспары бойынша) Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>Саусақ жаттығуы. Бір дегенің - білеу, Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үскі, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке, Сегіз дегенің - серке, Тоғыз дегенің - торқа, Он дегенің - оймақ, Он бір - қара жұмбақ. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қабілетін қалыптастыру.</p>
Серуенге дайындық	<p>«Орныңды тап» серуен кезіндегі тәртіп туралы әңгімелесу</p>	<p>«Менің ойыншығым» ойын жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу</p>	<p>«Қатесін тап» ауа-райына байланысты ретімен киіну</p>	<p>«Біз бақытты баламыз!» тақпағын жаттау</p>	<p>«Біз көмекші боламыз» балалардың киіну кезінде бір-біріне көмектесу арқылы үлкен және ұсақ маториканы дамыту.</p>
Серуен	<p>Желдің соғуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты</p>	<p>Жапырақтың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты . Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық жеткізуге, сұраққа толық жауап беруге үйрету. Бақылау барысы: күз мезгілінің келгендігі, ағаштардан жапырақтар сарғайып жерге түскенін</p>	<p>Шалшық суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты . Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру.</p>	<p>Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды ағаштардан түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек</p>	<p>Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсаты Балаларға күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн</p>

	<p>желде ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Жұмбақ.</p> <p>Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.)</p> <p>Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру.</p> <p>Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын.</p> <p>"Өз үйіңді тап"</p> <p>қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсаты Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктерін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру. Балаларға түрлі таңбалауыштар үлестіріледі. Белгі бойынша балалар алаңның түрлі жерлерінде жапсырылған белгілі үлкен таңбалауыштарға, өздерінің таңбалауыштарына жүгіреді. Кім өз</p>	<p>байқауға болатынын айту. Жапырақтар бүкіл жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату.</p> <p>Сары ағаштар, сары жапырақтар, гүлзарлардың барлығы сап-сары екендігін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды.</p> <p>- Жапырақтардың сыбырлағанын естідіңдер ме?</p> <p>- Жапырақтар жел соққанда жерге ағаштан үзіліп, ауада қалықтап барып, жерге баяу түседі.</p> <p>- Байқадыңдар ма? Бұл жапырақтың түсуі. Қоңыр күз, қоңыр күз.</p> <p>Жапырақтары желге ұшады және баяу ұшады, өйткені олар жеңіл.</p> <p>- Барлық ағаштар жапырақтардың түсін өзгертті ме?</p> <p>- Жазда ағаштар мен бұталар қандай болды?</p> <p>- Күз келгенде олар қалай өзгерді? Қайың жапырақтарының түсі қандай? (Алтын сары.)</p>	<p>Көркемсөз.</p> <p>Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетінді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы.</p> <p>Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.</p> <p>Мақсаты . Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.</p> <p>Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру)</p> <p>Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.</p> <p>Қимылды ойын.</p> <p>«Айна» (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қимылдардың мәнерлілігі мен шеберлігіне тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойыншылар алаңда тұрады, жүргізуші оларға қарсы жағында болады. Балалар жүргізушінің айнадағы көрінісі болады. Жүргізуші «айна алдында» әртүрлі еліктеу әрекеттерін орындайды (тарау, киімді түзету және тағы басқа). Ойыншылар</p>	<p>құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Мақал-мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір.</p> <p>Қимылды ойын.</p> <p>«Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру, қазақ тілі)</p> <p>Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.</p> <p>"Ұядағы құстар"</p> <p>қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс үйлесімділігін дамыту.</p> <p>"Аққу-қаздар"</p> <p>қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Санамақ арқылы</p>	<p>көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүюге баулу.</p> <p>Қимылды ойын. «Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)</p> <p>Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару.</p> <p>"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсаты Балаларды ойынның шарты бойынша әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды. Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>орнын бірден таба алмаса, балалардың қалаулары бойынша тақпақ не ән айтып береді. Ойынды екінші рет өткізу үшін, таңбалауыштарды қайта тарату керек.</p> <p>Қимылды ойын. «Желбезекпен жүгіру». (дене шынықтыру)</p> <p>Желбезекті қолға алып жарысу. Кім мәрегебірінші болып жетеді, сол бала жеңімпаз болады.</p> <p>Еңбек: тәрбиешіге көмек.</p> <p>Үлкендерге қызмет көрсету, ауланы тазартуға қатысу, жапырақтарды жинау.</p> <p>Өз бетімен ойындар:</p> <p>«Желбезекпен ойын».</p> <p>Қолайлы жағдай жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу.</p>	<p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбырдан кейінгі шалшықты баспау үшін, биік жерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұрулары тиіс.</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p> <p>күрғақ жапырақтарды жинау.</p> <p>Мақсаты . Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істеу біліктерін бекіту.</p> <p>"Шұңқырдан аттап секіріп өт"</p> <p>қимылды</p>	<p>жүргізушімен бір уақытта оның қимыл-әрекетін, тек қимылдарды ғана емес, сонымен қатар мимикасын да дәл жеткізуге тырысу керек.</p> <p>Жүргізушінің рөлін тәрбиеші де, бала да орындай алады.</p> <p>Еңбек: «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету.</p> <p>Өз бетімен ойындар.</p> <p>Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа).</p> <p>Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, тату ойнауларын қадағалау.</p>	<p>жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты.</p> <p>Балалардың ішінен біреуін "қасқыр" етіп сайлайды, қалғаны "аққу-қаздар" болады.</p> <p>"Құсшы" болып алғашында педагог, кейін балалардың біреуі ойынды жүргізулері мүмкін.</p> <p>Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді:</p> <p>- Аққу-қаздар! (Ға-ға-ға!)</p> <p>- Жем жедіңдер ме? (Иә, иә, иә!)</p> <p>- Су іштіңдер ме? (Жо-оқ, жо-оқ!)</p> <p>Құсшы:</p> <p>- Суға ұшып келіңдер! Ошаққа абайлап жетіңдер!</p> <p>Сақ болындар, аш қасқыр келеді!</p> <p>"Аққу-қаздар" иелеріне қарай</p>	<p>Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті.</p> <p>Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, кімнің көп балық ұстағанын анықтайды.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.</p> <p>Еңбек: гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар.</p> <p>«Сүйікті ойыншықтармен ойнау».</p> <p>Қуанышты жағдайлардың туындауына жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына мүмкіндік беру.</p>
--	---	--	---	--	--

		<p>жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсаты Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойындар. Мақсаты Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.</p>		<p>ұшулары керек. Ал, "аш қасқыр" болса, құстарды ұстап алып жеуге тырысады. Ұсталған "аққу-қаздар", "қасқырға" көмектеседі. Сөйтіп, аққу-қаздар азайып біткенше ойын жалғасады. Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу. Балалардға ересектерге көмектесуді үйрету. Еңбектенуге құштарлықтарын дамытып, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Доппен ойын. Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу.</p>	
Серуеннен оралу	<p>Жұмбақ жасыру. Алдым да әр түрінен жібек жіптің, Аспанға әшекейлеп кесте тіктім. (Кемпірқосақ)</p>	<p>Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға Қауын біткен сары ала</p>	<p>Тақпақ жаттау. Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Қыстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа!</p>	<p>«Күз» өлеңі Көрінеді шалғайдан, Бел - белестер сарғайған. Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен</p>	<p>Жеке жұмыс: Күзгі киім атауларын үйрету. Күзгі киіну шешіну алгоритмі бойынша шешіну, дұрыс киінудің ретін суреттен қарау.</p>
Түскі ас	<p>Дастарқан басындағы дәстүрлер: Дастархан басында адамадар жасына</p>	<p>«Кезекшімін мен бүгін асханада» Ө.Ақылбеков жаттау Гигиеналық шара: «Дос бол сабын</p>	<p>Ырым, тыйым сөз Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды. Дәмді табақтың ортасынан алма, өз</p>	<p>Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап</p>	<p>Ас туралы мақал мәтел «Ас атасы нан, нан атасы дән»</p>

	қарай отырады. Астан кейін дастархан басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді.	суменен, жуын күнде су мен сен, жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың»	алдыңнан алып же.	жеу керек.	
Күндізгі ұйқы	Тыныш күйге енеді, Мойындарымыз да жайымен. Еркіндеріміз сәл ашылып Дем аламыз жайымен. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы Дем алады барлығы. (әуенмен)	Кірпіктеріміз айқасты, Көздеріміз жұмылды. Дем аламыз жай ғана, Ұйқыға біз кірістік. (әуенмен)	Мойын, бас, қол, аяқтар, Ғажайып бір күйге енді. Дем алады барлығы, Тыныш бір күй кешеді. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы, Дем алады барлығы. (әуенмен)
Біртіндеп ұйқыдан ояту	Сергіту гимнастикасын жүргізу. Салқын сумен шайыну.	Төсек үстінде жатып, аяқ қолдарына гимнастикалық жаттығу жасау. Орнынан тұрып, еденді жалаң аяқ 4-5 мин басып жүру.	Күн, ауа, су процедураларын қабылдау. Бөлмеге түскен күнге қыздырыну. Сумен шайыну. Ауаны алмастырып таза ауада дем алу.	Беті-қолын, мойынын салқын сумен жуу. Көзге арналған жаттығулар.	Су жолдарымен жалаң аяқ жүру. Сергіту гимнастикасын жүргізу.
Бесін ас	Көркемсөз Қолды жусақ әрқашан, Ауырмайды ішіміз. Тазалықты сақтасақ, Ауырмаймыз ешқашан. (мәдени- гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)	Ас туралы мақал мәтел «Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы»	Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»	Ойын жаттығу: Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты	Дастархан басында өзін өзі ұстауы (шағын әңгіме)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел- үсті ойындары,бейне леу әрекеті, кітаптар қарау	Сөйлеуді дамытудан ойын- жаттығу "Ойыншықтар фабрикасына саяхат" ертегісін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің	"Ғажайып әлемінің шамдары". Мақсаты Балаларға дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған кылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және	Жапсырудан ойын- жаттығу "Ағаштардың жапырақтары ұшты". Мақсаты Балаларды қоңыр түсті қағаздың үстіне алақандарын бастырып, қайшының	Математика негіздерінен ойын- жаттығу "Түрлі пішіндерге толған ғажайып көлік. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш". Мақсаты . Балалардың	Қоршаған ортамен танысудан ойын- жаттығу "Өсімдіктер күтімі". Мақсаты Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру; бөлме гүлдерінің аттарын жатқа

<p>және т.б.)</p> <p>дыбыстық мәдениеті: [ф], [п], [б] дыбыстары" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар фабрикасы туралы ертегі мазмұнымен таныстыру; ертегі жанры туралы ұғымдар қалыптастыру; ойыншықтардың пайда болуы туралы жаңа мәліметтер беру. Фонетикалық ритмика. "Па-ба-па, па-ба-па, жүреді жолда арба".</p> <p>Дидактикалық ойын. "Сиқырлы сөздер". Мақсаты Балаларды жылдам ойлауға, зейін, ойлау қабілетін дамыту. Педагог кез келген сөзді айтады, балалар жақсылап ойланып, сол сөзге ұқсас сөзді айтуы қажет. Мысалы: қасық - асық, тал - тау, тар - қар, алақан - алақай. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>дақтардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасын үйрету. (Сурет салу)</p> <p>Саусақ жаттығуы. Ғажайып шамдар, Алғашында дақ боласыңдар. Сәулелеріңді шашып, Жарқырап жайнайсыңдар. Жанып-сөніп, Жанып-сөніп Жарқырап жанасыңдар. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Вагондарға дөңгелек таңдау». Мақсаты Геометриялық пішіндерді ажыратуды, олардың қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. (математика)</p>	<p>көмегімен қиып алып, ағаштың діңі мен ұшар басын қызғылт сары түсті қағаздың үстіне, дәл ортасына орналастырып, әдемілеп жапсыруды үйрету.</p> <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Алтын құс". Мақсаты . Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіде кездесетін көркемсөздердің мағынасын түсіндіру; ертегідегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін сипаттай білуге үйрету. Дидактикалық ойын. "Алтын құс ертегісінің кейіпкерлерін тап". Мақсаты Бірнеше ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетемін, сендер суреттерге мұқият қарап отырып, «Алтын құс» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін табуға дағдыландыру.</p> <p>Дидактикалық ойын. "Кім (не) алғашында не немесе кім болды?" Мақсаты Ойлауды дамыту, сөздікті</p>	<p>үшбұрыш, дөңгелек және шаршы сияқты геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін тиянақтау. Дамытушы ойын. "Ғажайыптар көлігін жөндейік." Мақсаты Геометриялық пішіндерді атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. (сөйлеуді дамыту) Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Сиқырлы кемпірқосақ". Мақсаты. Балаларға кемпірқосақ туралы түсінік бере отырып, олардың түстерімен таныстыру; кемпірқосақ түстерін бір-бірінен ажыратып, оларды атау дағдыларын жетілдіру. Дидактикалық ойын. "Саңырауқұлақтың үйіндегі кемпірқосақ түстерін тап". Мақсаты Табиғат құбылыстарына қатысты жұмбақты шешу. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>айтуға және оларды көргенде тануды үйрету. "Бөлме өсімдіктерін күтейік" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Бөлме өсімдіктерінің атауларын, оларды күту ерекшеліктерін балалардың есіне түсіру, бірігіп жұмыс істеуді үйрету, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.</p> <p>"Кім қалай сөйлейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты Сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: педагог балаларға допты кезекпен лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қалай дыбыстайтынын айту керек. Сиыр мөңірейді. (Мө - мө) Жолбарыс ақырады. (Ырр-ырр) Жылан ысылдайды. (Ысс-ысс) Маса ызындайды. (Ызз-ызз) Ит үреді. (Ап-ап) Қасқыр ұлиды. (Уу-уу) Мысық мияулайды. (Мияу-мияу) Шошқа қорсылдайды. (Қорс-қорс)</p>
---	---	--	---	---

	<p>"Еркежан әже қонаққа келді". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды бірінің үстіне бірін қою, жұптастыру арқылы салыстыру, тәсілдерін меңгерту; "жоғарыда - төменде", "біреу - көп" ұғымдарын бекіту; әртүрлі белгілері бойынша заттарды топтастыру. (Математика негіздері)</p>	<p>негіздері, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>кеңейту, істің соңын бекіту. Қозғалыс: педагог балалардың кез келгеніне допты лақтырады, затты немесе жануарды атайды, бала педагогке допты қайтарғанда аталған заттың кім (не) екені туралы сұраққа жауап береді.: Тауық - жұмыртқа. Нан - ұн. Жылқы - құлын. Шкаф - тақтай. Сиыр - бұзау. Велосипед - темір. Көйлек - мата. Балық - жұмыртқа. Етік - тері. Алма ағашы - тұқым. Үй - кірпіш. Күшті - әлсіз. Көбелек - құрт. Ересек - бала. (қазақ тілі)</p>		<p>(көркем әдебиет, қазақ тілі)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Сөзді өзгерт». Педагог: - Балалар, «Тұз» деген сөздегі соңғы «-з» дыбысын алып тастап, орнына «-с» дыбысын қойсақ қандай сөз шығады? Сөздегі бір дыбысты өзгерткенде сөздің мағынасы өзгеріп</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Қай қолымда көп». Мақсаты . Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар: моншақтар, түймелер.</p>	<p>"Айырмашылықтарды тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Есте сақталатын заттарды салыстыра білуді дамыту, олардан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: сюжеттік карталар.</p>	<p>Дидактикалық ойын «Сипаттамасы бойынша тап». Мақсаты Ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлар және құстардың ойыншықтары. Ойынның мазмұны:</p>	<p>"Кім, қайда тұрады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты Балалардың көру қабілетін, зейінін дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: әртүрлі жануарлардың "отбасылары" мен олардың үйлерінің суреттері, ретсіз тәртіпте берілген жануарларды үйлерімен</p>

	кететіні туралы түсінік береді. «-с» дыбысына аяқталатын сөздерді айтады, «-с» дыбысының орнына «-з» дыбысын қойып, сөзді өзгертіп айтуды ұсынады. - Жас- ... (жаз). - Қас- ... (қаз). - Түс- ... (түз). Қыз, қыр Жаз, жақ Қаз, қар Түз, тас (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала қолда саны көп зат барын, қай қолында саны аз зат барын анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады. (сөйлеуді дамыту математика негіздері)	Сипаттама: 2-3 минут ішінде балаға карточкасын көрсету. Содан кейін оған басқа кейбір заттар немесе әрекеттер жоқ немесе ауыстырылған екінші картаны ұсыныңыз. Бала не өзгергенін анықтауы керек. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтайды, оның атыауын айтады. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады. Ұзын қысқа жолақты жолдарды қиып жапсыру . (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, жапсыру)	байланыстыратын сызықтар салынған суреттер. Сипаттама: сызықтар бойынша қарындашты өткізбей, кімнің үйі қайда екенін анықтау керек. (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің неше айы бар?	«Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу)	«Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме)	«Сондай бала болама?» (өлең оқып беру)	«Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме)
